

мен құбылыстарға сыни-рационалды көзқарасты негіздейді, адамның дүниемен әрекеттесуінде рационалды принциптің қажеттілігін негіздейді, адамның өз болмысында кездейсоқ құбылыс емес екенін дәлелдейді.

Зерттеу әдіснамасы

Мәдени туризмнің философиялық аспектілерін ғылыми-философиялық тұрғыдан зерттеу ғалымдар арасында үлкен дискурстық бағыттың біріне айналады. Өйткені, туризм философиясының саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде күрделі өзіндік объективтілігі мен субъективтілігі бар болғандықтан философиялық сала бойынша қарастыруға мүмкіндік зор. Мәселен, философия – тұтас дүние, оның өмір сүруі мен танымының жалпы қағидалары мен заңдылықтары, сонымен бірге жеке адамдардың ғана емес, жалпы қоғамның дүниетанымын қалыптастырады, оның идеалдарын, ұмтылыстарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілі бір әлеуметтік күштердің іс-әрекетінде көрсетеді. Мақаламыздың зерттеу әдістерін қалыптастыруда философиялық және әлеуметтік-мәдени байланыстардың тарихи-философиялық принциптері басшылыққа алынып, отандық және шетелдік тарихнаманың негізін пайдалана отырып, өткеннің жалпы немесе нақты мәселелерін қарастыруға байланысты жүйелілік әдіске негізделді. Бұл жерде мәселенің объективтілігі мен субъективтілігі бар болғандықтан әдебиеттер мен деректерді теориялық және методологиялық тұрғыдан салыстырмалы талдау әдісі және сараптамалық жүйелеу әдісі басшылыққа алынды. Аталмыш әдістерді қолдану туризм философиясының мәнін ашуға, мәселенің барысын дұрыс шешуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Мәдени туризмнің философиялық аспектілерін талдау

Зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің теориялық және әдістемелік маңызы зор. Өйткен, туризм философиясын зерттей-тін көптеген ғалымдар оны жаңашылдығы мол, бірақ аз зерттелген мәселе ретінде қарастырады. Дегенмен де, философия ғылымның жаңа буыны – туризм философиясы туралы нақты айтуға болады. Бұл туралы Қазан университетінің ғалымы Р.С. Гарифуллинаның мақаласында: «Туризм туралы – философия, экономика, мәдениет, тарих, география, құқық, әлеуметтану, психология, антропология, экология және тағы басқа көптеген ғылымдар мен пәндердің қызығушылық танытып, өздерінің зерттеу нысандарына ала бастады», - деген тұжырымымен келісуге болады [1, 9 б.].

Мәдени туризм философиясын талдау және оның әлеуметтік-мәдени дамуындағы орнын зерттеу бойынша нақты немесе жанама түрде болса да Марғұлан Ә., Ахметова С.Ш., Қанапин Ә., Сүлейменов Р.Б. зерттеулерін, ал еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштері жөнінде Ақышев К.А., Байпақов К.М., Елеуов М.Е., Жолдасбаев С.пен Төлеубаев Ә.Т. еңбектерін, қазақ халықының материалдық және рухани мәдениетіне байланысты зерттеген ғалымдар Нысанбаев Ә.Н., Ақатай С.Н., Ғабитов Т.Х., Қасабек А.Қ., Кішібеков Д., Молдабеков Ж.Ж., Масалимова А.Р., Мүтәліпов Ж., Нұржанов Б.Ғ., Нұрланова

Қ.Ш. еңбектері де үлкен маңызға ие. Мәселен, Т.Х. Ғабитовтың зерттеуі бойынша «қазақ мәдениетінің рухани, этникалық, діни және әлеуметтік құндылықтарын» сондай-ақ, «қазіргі Қазақстан мәдениетінің жаһандану кеңістігіндегі инновациялық үдерістері» [2, 344 б.] түсінуге, сонымен бірге қазақ мәдениетінің бүгінгі мен болашағына феноменологиялық тарихи талдау әдісін үйренуге мүмкіндік береді. Ал тарихшы-этнограф, қазақтың жоғалтқанын түгендеп, байырғы, мәдени асыл мұраларды қайта жаңғыртқан өресі биік тұлғалардың бірі Өзбекәлі Жәнібековтың шығармаларынан [3, 183 б.] тарихы терең еліміздің құндылықтар жүйесінің көп қырларын түсінуге болады. Сонымен бірге қазіргі кездегі туризм философиясы мәселесі туралы зерттеп жүрген ғалымдардан, Орынбеков М., Асан Д.С., Абишева А.О., Дальмуханова Ф., Дүйсен Г.М., Кенжебеков Н.Д., Матаев Т.Б., Калдыбай А.К. және т.б. атап өтуге болады. Бұл зерттеушілерден алған («туризм философиясы», «қазақи дүниетаным», «мәдени туризм», «лингвопрагматика», «туризм стратегиясы», «туризм құбылысы») мәліметтерді анықтау және жүйелеу мақаламыздың кейбір аспектілерін түсінуге мүмкіндік береді.

Ресейлік философия саласының ғалымдаынан Массон М.Е., Шаповал Г.Ф., Богданов Е.И., Назиров А.Э., Зорин И.В., Каверина Т.П., Квартальнов В.А., Авилкин Д.Ю., Гоч В.Д., Молодкина, Л.В., Кружалин В.И., Мироненко Н.С., Зигерн-Корн Н.В., Шабалина Н.В. және т.б. зерттеулерінен қазіргі туризм философиясының кейбір аспектілеріне қатысты «туризм философиясының тарихи-мәдени болмысы», «тарихи-мәдени нысандардың құндылықтары» («ежелгі қалалар»), «аймақтық инфрақұрылым», «тарихи ескерткіштер», «культтік ғимараттар», «модернизациялық үдерістердің ықпалдастығы», «туризм философиясының анықтамасы», «тарихи аймақ мәселесі» шеңберінде мәдени туризм философиясының арнайы қорын құру сияқты үлкен мәліметтер алуға болады. Ал шетелдік ғалымдар Чарльз Р. Гоелднер (Charles R. Goeldner), Дж. Р. Брент Ричи (J. R. Brent Ritchie), Брайан Кинг (Brian King), Абрахам Пизам (Abraham Pizam), Эди Милман (Ady Milman), Мариус Майер (Marius Mayer), Луиза Фогт (Luisa Vogt) және басқа ғалымдардың еңбектерінен «туризм философиясының қағидаттары», «саяхаттау тәжірибелері», «туризм философиясының тұжырымдамасы» [4, 175 б.], «туризмнің әлеуметтік ықпалы», «туризм философиясына көзқарас», «туризмнің экономикалық бағыты», «туризм философиясына ықпал етуші факторлар» [5, 21 б.], тіпті саяхат жасаушылардың шығыстарын анықтауға бағытталған сұхбаттарды да зерттеу аясынан көруге болады [6, 169 б.].

Әрине, аталмыш ғылыми әдебиеттерде туризм философиясы аспектілерін анықтауға байланысты көптеген әртүрлі көзқарастар бар. Осы орайда Е.И. Богданов пен А.Э. Назировтың зерттеуінде: «Туризм философиясы ғылым ретінде үнемі дамып келеді, өйткені бұл құбылыста болып жатқан процестер туралы білім тереңдей түсіп, оны дамыту тәсілдері барынша өзгеріп жатыр», - деп келтірген [7, 97 б.]. Ал австриялық заңгер-ғалым Роланд Бернекер (Roland Bernecker) туризмді: «...саяхатшының коммерциялық немесе кәсіптік емес себептермен тұрғылықты жерін уақытша және ерікті түрде өзгертуімен байланысты қарым-қатынастар мен қызметтердің жиынтығы» деп анықтама берсе [8, 236 б.], ресейлік зерттеуші Е.И. Богдановтың еңбегінде: «туризмді –

жеке елдің ұлттық экономикасы шеңберінде де, жалпы әлемдік экономикамен байланысы шеңберінде де, тіпті жекелеген элементтер арасындағы әртүрлі байланыстары бар үлкен тарихи-философиялық жүйе ретінде қарастырған жөн», - деп атап көрсетеді [7, 98 б.]. Туризм философиясы саласындағы ғылыми сарапшылардың халықаралық қауымдастығы ұсынған анықтама-сы бойынша: «туризм философиясы ...адамдардың тұрақты тұратын жері мен жұмысынан басқа жерлерде жүріп-тұруы мен болуы кезінде туындайтын қарым-қатынастар мен құбылыстардың жиынтығы», - деп келтірген [9, 15 б.]. Ал соңғы уақытта туризм философиясының әдісі ретінде келесі анықтама кең тарады: «жеке адамның табиғат пен адамзат жасаған мәдени және табиғи ресурстар туралы білімі». Сондықтан мәдени туризм философиясын дәстүрлі түрде қарастыра отырып, қазіргі әлемдегі әлеуметтік құбылыстың экономикалық, маркетингтік және инвестициялық негіздерін анықтаумен байланыстыра түскен де дұрыс.

Туризм философиясы мәселелерінің алғашқы бастаулары

Сонау ерте заманда-ақ пайда болған туризм, элиталы өкілдердің бірнеше баспалдағынан өтіп барып, жаппай көпшіліктің «әуесқойлығына» айналды. Өйткені бастапқы кезде туризммен және саяхатпен өте ауқатты адамдар ғана айналысқан (киелі жерлерге қажылыққа барғандарды да ерекше атап өтуге болады). XVIII ғасырдан бастап «ауқаттылар» денсаулықтарын жақсарту мақсатында «суда» саяхат жасаулары үлкен танымалдыққа ие болды. 1758 жылы Ұлыбританияда «Cox&Kings» деп аталатын алғашқы туристік компания құрылды (қазіргі уақытта бар). Алайда өнеркәсіптік революцияның басталуымен және коммуникацияның дамуымен жағдай күрт өзгеріп, Еуропа мен Солтүстік Америкада (көп жағдайда) халықтың әл-ауқаты артты, қызметкерлерге демалыс күндері енгізіліп, ал саяхаттары кейбір жағдайларда кепілдендіріліп, нәтижесінде туристер саны арта бастады. 1841 жылы тағы бір маңызды оқиға болды – бұқаралық туризм дүниеге келді. Содан кейін британдық кәсіпкер Томас Кук (Thomas Cook) 570 клиентке теміржол экскурсиясын ұйымдастырды, сөйтіп қазіргі «Томас Кук компаниясының» («Thomas Cook company») іргесі қаланды. Сонымен бұл туризмнің көптеген түрлерін, курорттар индустриясын, ойын-сауық индустриясын құруға ықпал еткен арнайы қаржы құралдарын (мысалы, жол чектері) (көптеген мерекелер мен фестивальдар бастапқыда туристерді тарту үшін ұйымдастырылған), байланыс жүйелерін, үлкен спортты дамытуды (мысалы, олимпиадалар) тудырған туристік революцияның басталуы болды. Алғаш рет ресми құжаттарда «туризм» және «турист» терминдерін қолданыла бастады (бастамашысы БҰҰ). «Туризм және даму: тұжырымдамалар мен мәселелер» кітабының авторлары Ричард Шарпли «Richard Sharpley» және Дэвид Телфер (David J. Telfer) әлемде туризмнің «мемлекеттік сәні» қалыптасқанын атап өтті. Туризм экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық тұжырымдамаларының құрамдас бөлігіне айналды.

Мәселен, коммуникативтік формаларды өндіру мен жаңғырту қазіргі адамның өмір сүруінен бастау алатындықтан, туризм философиясының қарым-қатынас әдісі ретінде сыртқы түрдің, адамның болмысын жасырудың нысаны ретінде әрекет етеді [10, 42 б.]. Бұл туризм философиясының онтологиялық

аспектісінің оның антропологиялық аспектісімен сәйкестігін білдіреді, онда туризм болмыстың көріну тәсілі ретінде ғана емес, сонымен бірге адамның өндіріс құралы ретіндегі әрекетін де айта кеткен жөн. Туризм философиясының антропологиясы мәдениеттегі ойлаудың әртүрлі формаларында жүзеге асырылатын әлеуметтік-мәдени факторлар жүйесі арқылы тұлғаны анықтауды қамтиды. Танымдық мақсаттар туризмнің жүйе құраушы белгілері болса, жоспарлы коммуникативті қарым-қатынастар мақсатқа жету құралы болып табылады. Мақсаттар мен құралдар арасындағы мұндай қатынас құбылысы классикалық түсінуге тән, ал қазіргі классикалық емес көзқараста мақсат әлеуметтік ұйымдастырылған және жоспарланған болмыстың тәжірибесіне тән, яғни – болмысқа [7, 101 б.].

Бұл ретте, туризмге сұранысты қалыптастыру кезінде адамның жаңа жерлерге баруы және тұрақты тұрғылықты жерінен біраз уақытқа кетуге деген ұмтылысы да, сондай-ақ туристік бағыт түріндегі «тартудың» («pull») және жеке тұлғаның саяхаттау мүмкіндігі бар-жоғын анықтайтын факторлардың жиынтығы ретінде «ынталандырудың» («push») болуы да маңызды қайшылық болып табылады. Демек, туризм философиясы аспектілерін зерттеу мәселесі ерекше орын алады, оның негізінде өзін-өзі жүзеге асыру адам ұмтылуы керек деңгей болып табылады. Алайда, А. Маткенсон (Mathieson A.) мен Г. Уолл (Wall G.) «Туризмді ынталандыру жүйесі» атты зерттеуінде: «...туризміндегі мотивацияның жалпы қабылданған моделіне сәйкес, адамның қажеттілік деңгейлері жалпыға ортақ және туа біткен, сондай-ақ әлсіз, сондықтан оларды сыртқы ортаның әсерінен өзгертуге, жеделдетуге немесе тоқтатуға болады»-деп тұжырымдайды [11. 124 б.]. Бұл адам мінез-құлқының (бихевиористік) иррационалдылығы мен болжауға болмайтындығына баса назар аударатын когнитивтік көзқарасқа қарсы психологиядағы бихевиористік дәстүрге қатысты. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда жеке адам «өмірдің материалдық жағынан жоғары болады» және «жоғары нәрселер мен мақсаттарға» көбірек қызығушылық танытады. Әрине, бұл көзқарас туралы ғалымдар И.Н. Гаврильчак «Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету мен туризмдегі менеджмент», А.Л. Лесник «Қонақ үй ісін ұйымдастыру және басқару», М.Х. Мескон «Менеджмент негіздері», В.Е. Рохчин «Қаланы стратегиялық таңдау: ғылыми көзқарас», В.С.Сенин «Халықаралық туризмді ұйымдастыру» атты зерттеулері ортақ пікірге сүйенеді.

Мәдени туризм философиясының даму негіздері

Қазіргі уақытта туризм әлемдік экономиканың маңызды және қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі және нәтижесінде қазіргі заманғы мәдениеттің ең маңызды құбылысы болып табылады. Саяхат мотивтерінің әртүрлілігі туристік қызмет түрлерінің көптеп пайда болуын анықтайды. Саяхаттың ең перспективалы және басым түрлерінің бірі – мәдени туризм [7, 99 б.], біз оны философияның әртүрлі бөлімдері тұрғысынан қарастырамыз. Бұл құбылыстың жеке, қоғамдық және саяси өмірдің әртүрлі салаларымен байланысын ескере отырып, біз мәдени туризмнің келесі мағыналарын бөліп көрсетеміз: аксиологиялық, этикалық, эстетикалық, тәрбиелік, әлеуметтік, экономикалық, мәдени. Мәдени туризмнің

аксиологиялық маңыздылығын біз Макс Шелердің [16] еңбегінде ұсынылған құндылықтар философиясының иерархиясын пайдалана отырып анықтаймыз. Ойшыл бірнеше қатар құндылықтарды бөліп көрсетеді:

біріншіден, жағымды және жағымсыз құндылықтар, заттар мен күйлердің құндылықтары, ләззат пен азапты сезімтал қабылдауға негізделген құндылықтар;

екіншіден, жақсы және жаман, асыл және төмен, әл-ауқат пен қолайсыздық құндылықтарын, өмірдің көтерілуі мен құлдырауын, денсаулық пен ауру сезімін, әлсіздік пен күш, кәрілік пен өлімді қамтитын өмір сезімінің құндылықтары;

үшіншіден, рухани құндылықтар, әдемі және ұсқынсыз, әділ және әділетсіз құндылықтар, туындылары мәдениет құндылықтары болып табылатын ақиқатты білу құндылықтары;

төртіншіден, түсіну махаббат сезімінде жүзеге асырылатын қасиеттілік пен құдайлықтың жоғары құндылықтары, жеке тұлғаның құндылығы, құрметтеудің символдық құндылықтары, әулиенің, данышпанның, батырдың таза жеке типтері және қауымдастық түрлерінің таза түрлері, атап айтқанда махаббат қауымдастығы, құқықтық қоғамдастық, мәдени қоғамдастық, өмірлік қоғамдастық [16, 259 б.]. Осы иерархияға сәйкес, біз қарастырып отырған мәдени құндылықтар рухани құндылықтар санатына жатады, оны тасымалдаушылардың материалдық табиғаты мүлде жоққа шығармайды, өйткені Шелердің көзқарасы бойынша құндылықтар материалдық заттарға емес, олардың идеалды ұқсастықтарына (игіліктеріне) тән ерекше сапаның түрі болып табылады.

Нақтырақ айтатын болсақ туризм саласының мамандары «түсіндірме өнерді» жақсы меңгеруі керек, мәселен интерпретация принциптерін, сөз мәтінін (теориясын) жақсы меңгере отырып түсіндіру, ал түптеп келгенде теологиялық, руханияттық, философиялық саланың қандайда бір маңыздылығын ескеруіміз керек. Ал туризм саласының мамандары немесе туризм саласы бойынша маман даярлау барысында когнитивтік-коммуникативтік аспект түсіну және оны рефлексия деңгейінде жүзеге асыру өте маңызды. Бұл жерде де анықтама беріп өтетін болсақ, швейцариялық философ және психолог Жан Пиаженнің (Jean Piaget) пікірінше, «бізді қоршаған әлемді дәлірек көрсету және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу кезінде пайда болатын логикалық мәселені орындау мүмкіндігін білдіреді» [12, 351 б.]. Оның философия және психология саласындағы гносеологиялық теориясынан көптеген негізгі концепцияларды мысалға келтуруге болады, өйткені ғалым тұлғаның интеллектуалдық жағынан өсуін зерттеген болатын. Сөйтіп, Жан Пиажен теориясында көрсетілгендей когнитивтік даму, яғни болашақ мамандар – «қабылдау», «есте сақтау», «ұғым қалыптастыру», есептеу/ шығару», «қиял/логиканы» ұштастыру сияқты психикалық процестердің барлық түрлерін дамуы керек деген тұжырымдамасымен келісеміз. Осылайша, мәдени туризм сияқты қызметке тұру алдын ала психологиялық және интеллектуалдық дайындықпен, аймақтың детерминирленген мәдениет және жалпы адамзат мәдениеті сияқты құбылыстарды философиялық тұрғыдан жақсы меңгерумен қатар жүреді.

Демек, туризм саласы бойынша мамандарды даярлауға герменевти-калық көзқарас идеяларына негізделуі керек, оған сәйкес семантикалық элементтердің шектеулі жиынтығы арқылы «...адамда пайда болған идеялардың барлық алуан

түрлілігін: табиғи тілдердің лексикалық бірліктерінде бейнеленген ұғымдарды, белгілі бір мәдениетке тән құндылық көзқарастарды, тіпті аллегориялық түрде білдірілген діни ілімдерді де білдіруге болады» деген идеяға тоқталуға болады.

Қазіргі уақытта мәдени туризм бүкіл әлем бойынша ең танымал саяхат түрлерінің бірі болып табылатын болғандықтан, бұл саладағы мамандардың басқа мәдениеттер мен дәстүрлерді білуге, өзін жеке тұлға ретінде дамытуға, сондай-ақ басқа халықтардың өнер туындыларымен танысуға деген қызығушылығы да басым болуы керек. Ал жыл сайын елімізге шетелдік туристер ағынының артуы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мәдени туризмнің маңыздылығын, сонымен бірге отандық және шетелдік кәсіпкерлердің үлкен көлемдегі қаржылық ресурстарының белсенділігін көрсетеді. Осыған байланысты ғылыми-танымдық әдебиеттерде кездесетін бұл құбылыстың көптеген анықтамаларын ескере отырып, біз мәдени туризмнің философиялық аспектілерін белгілі бір аймақтың мәдени құндылықтарымен танысу мақсатындағы саяхат деп алуымызға да негіз бар. Мәселен, мәдениеттану саласы бойынша «Туризм философия мәдени-тарихи феномен ретінде» атты тақырып бойынша докторлық диссертация жазған М.В. Соколова келесі, негізгі сипаттамаларды анықтайды: уақыт шектеулері, қайтарымдылық, мақсат қою, сапардан материалдық пайда алу мүмкін еместігі, туризмнің ұйымдастырылған және жоспарланған сипаты, бос уақытты тиімді жүзеге асыру, құбылыстың жаппай сипаты» [13, 8 б.].

Туризм мәдени-философиялық анықтамаларды түсіндіруді және олардың интерпретациясының көптігін қамтитын мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде әрекет етеді. Мәдениетаралық коммуникация метафоралық тілді метафоралық емес тілге аударуға негізделген. Қатаң мағыналық қасиеті бар метафоралық емес тілдің алуан түрі ғылымның басты нысандық қызметін атқарады, оның ең жоғарғы түрі – теория. Бұл теорияны неміс ғалымы Макс Шелердің еңбегіне негізделген «Этикадағы формализм және құндылықтардың материалдық этикасы» деп ойшыл құндылықтардың бірнеше қатарын анықтайды [14, 259 б.]. Енді ғалымның тілімен айтқанда «...кез-келген қоғам дамуының бетбұрыс кезеңінде өзінің құндылық базасын анықтау проблемасына тап болады», -деп. Ал енді біз осы теорияны өзімізге қарай бұрсاق, қазіргі Қазақстан да осындай проблемаға тап болды депуге болады. Бұл күрделі мәселені шешу үшін тиісті зияткерлік құралдарды тарту қажет. Көбінесе өзіміздің дәстүрлі құндылығымыз және шелдік құндылықтар туралы ілімі, жалпы адамның құндылық сезімдерінің феноменологиясы ретінде дамыту керек. Әрине, нақты мәселелерді талдау үшін қандай да бір ілімді қолданудың алдында сол ілімнің өзін зерттеу керек. Сондықтан бүгінгі таңда қоғамның құндылық тәртібі мәселелерін Макс Шелердің теориялық жетістіктеріне сүйенбей зерттеу мүмкін емес екені азды-көпті түсінікті болды. Өйткені ғалым «құндылықтар әлемі», «құндылықтар иерархиясы», «құндылықтар тәртібі», «құндылық модальділігі» туралы ілімін «Этикадағы формализм және құндылықтардың материалдық этикасы» [14, 318 б.] еңбегінің екінші бөлімінде жан-жақты қарастырады.

Неғұрлым жалпылама ұғым – саяхат, ол туризмнің, миграцияның және қыдырудың ортақ қасиеттерінің көпшілігін қамтиды. Дегенмен, бұл ұғымдардың әрқайсысы саяхаттың ерекше қасиеттері мен факторларын береді. Бұл туралы ресейлік ғалым В.Ю. Коровин орыс саяхатшыларының мысалында туризм

қажеттілігінің антропологиялық сипаттамаларын керемет түрде көрсетеді. Сонымен бірге В.Ю. Коровин адамның саяхаттауға (жиһанкездікке) деген ұмтылысын анықтайтын келесі факторларды анықтайды:

Материалдық фактор. Тарихи, әлеуметтік және мемлекеттік процестердің әсерінен адам өмірінің күнделікті жағдайлары ауырлаған жағдайда, тұлғаның еркін қозғалыс нышаны ерекше тартымды болып, басқа жерлерден жақсы өмірді іздеуге мәжбүр болады.

Психологиялық фактор. Көшпелі халықтармен бірдей болмаса да, көптеген халықтар әрқашан кең аумақтарда еркін қозғалыс пен кедергісіз қоныстану мақсатымен сипатталды.

Рухани фактор. Негізгі діндердің қабылдануымен, сондай-ақ ұсақ діни ағымдардың пайда болуы, олардың арасында барлық нәрседен көңілі қалу идеясының танымалдығы, нәтижесінде кезбелік моральдық ерлік және рухани сұлулыққа мақсатты ұмтылыс ретінде әрекет етеді [15, 13-14 б.].

Мәдени туризм философиясы кеңістіктік қозғалыстарсыз өмір сүре алмайды. Саяхат жеке және әмбебап ғаламды игерудің белгілі бір түрі ретінде пайда болады. Адам өз өмірін белгілі бір шындықта, белгілі бір мәдени, тарихи, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларда өткізеді. Дегенмен ішкі себептер (мысалы, осы дүниеде әлемді және өзін түсінуге ұмтылу) немесе сыртқы факторлар (мысалы, саяси немесе климаттық) оны саяхаттауға және жаңа кеңістіктерді мәдени зерттеуге итермелейді. Бұл жағдайда кеңістіктің әртүрлі түрлерін ажырату қажет: объективті және субъективті, қоғамдық және жеке, нақты және нақты емес [16, 8-11 б.], әлеуметтік-мәдени [13, 27-29 б.] және т.б. Біздің ойымызша кеңістіктік және уақыттық координаттардың өзгеруін қамтитын қозғалыс, әрине, кез-келген саяхаттың ажырамас қасиеті ретінде әрекет етеді.

Сондықтан мәдени туризм философиясын дамыту аймақтың материалдық әл-ауқатын арттыруға, мәдени орталықтарды дамытуға, мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге, әртүрлі ғылымдар саласындағы жаңашылдығы мен жетістіктеріне ықпал етеді, өйткені бұл мәдени туризм философиясы дамытудың ажырамас элементі. Біріншіден, философиялық мағынада мәдени туризм басқа мәдениеттің құндылықтарымен танысу арқылы әлемді түсінудің ерекше эстетикалық формасы ретінде көрінеді. Екіншіден, мәдени туризм саяхатшының жеке дамуының ең маңызды факторы, туристерді қабылдайтын аймақтың материалдық әл-ауқатының деңгейін арттыру факторы, сонымен қатар бүкіл әлемдік мәдениеттің даму факторы болып табылады. Үшіншіден, қазіргі «тұтыну дәуірінде» туындайтын мәдени туризм мәселесі басқа елдер мен аймақтардың құндылықтарын қабылдайтын туристердің мәдени өрлеуі аясында саяхатшыларды қабылдайтын елдің мәдениетінің құлдырау қаупімен байланысты.

Қорытынды

Туризм философиясы туралы қазіргі заманғы ғылыми идеяларды, осы бағыттағы зерттеулерді, сондай-ақ оның мәнін анықтаудың философиялық тәсілдерін қарастыра отырып, біз мынандай қорытындыға келдік:

туризм – бұл адамның табиғат пен адамзат дамытқан және туристік мақсатқа бағытталған табиғи және мәдени ресурстарды тану әдісі, нақтырақ айтар болсақ, тұлғаның бос уақытына негізделген табиғи дүниетанымы, әлеуметтік мәні және көзқарасы.

Әрине, адамзат өркениеті дамыған сайын барлық жаңаны меңгерудің формалары мен әдістері (теледидар, интернет, электронды кітапханалар және т.б.) олардың рөлі өзгереді, бірақ, біздің көзқарасымызша, мәдени туризм философиясының негізі болып табылатын табиғи дүниетанымдар шешуші болып қала береді. Сондықтан классикалық философиялық тұрғыдан алғанда: *туризм* – бұл, адам болмысының бір түрі болып табылады.

Мұндай әдіснамалық қорытынды жасау, біздің ойымызша, мәдени туризм философиясының аспектісі үшін сәтті болып табылады, өйткені ол заманауи іргелі және салалық туризм ғылымдарының жүйесін тұжырымдамалық түрде біртұтас көрініс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтып өткеніміздей ғылыми қоғамдастықтың туризм философиясы туралы ғылым нысанын, пәнін жалпы тануы, оның ғылыми болмысын анықтау осы көп қырлы, серпінді салада тағы бір ғылыми бағытты дамытудың жаңа кезеңі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Гарифуллина Р.С. Некоторые проблемы формирования философии туризма как науки / Р.С. Гарифуллина, Ф.М. Сафин // Вестник Казанского государственного университета культуры и искусств. – 2018. – Т.7, №4. – С. 9-14.

2 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы / Т.Х. Ғабитов. Алматы: Қазақ университеті, 2016. –344 б.

3 Жәнібеков Ә.Ж. Уақыт керуені / Ә.Ж.Жәнібеков. – Алматы: Жазушы,1992. – 183 б.

4 Goeldner Ch.R., Brent Ritchie. Tourism: principles,practices, philosophies / Charles R. Goeldner. J. R. Brent Ritchie. – John Wiley & Sons, 2012. –544 p.

5 King B., Pease A., Milman A. Social impacts of tourism: the perception of local population // Yearbook of tourism studies. – 1993. Vol. 4, № 20. – P. 650-665.

6 Marius Mayer, Luisa Vogt. Economic effects of tourism and its influencing factors. An overview focusing on the spending determinants of visitors // *Zeitschrift für Tourismuswissenschaft*. 2016. Vol. 8, №2. P. 169-198. DOI:10.1515/tw-2016-0017 (accessed on: January 23, 2025).

7 Богданов Е.И., Назиров А.Э. Наука о туризме: современные философские подходы к ее формированию // *Теория и практика сервиса: экономика, социальная сфера, технологии*. – 2009. – №1. –С.97-105. https://tourlib.net/statti_tourism/bogdanov.htm (дата обращения: 12 февраля 2025 г.).

8 Training Strategies for World Heritage Management / Eds. Marie-Theres Albert, Roland Bernecker, Diego Gutierrez Perez, Nalini Thakur, Zhang Nairen. Printed in Germany: Cover design and print: GmbH & Co. KG, Cottbus, 2007. 236 p.

9 Большой глоссарий терминов международного туризма / Под ред. М.Б. Биржакова, В.И. Никифорова. Второе издание, дополнительное и переработанное. – СПб.: Невский фонд, 2003. – 992 с.

10 Мошняга Е.В. Концептное пространство межкультурной коммуникации в системе международного туризма: автореф. дис... доктора философ. наук: 09.00.13 – «Философская антропология, философская культура». / Е.В. Мошняга. М., 2011. –42 с.

- 11 Mathieson A., Wall G. Tourism: Economic, physical, and social impacts. – London, New York: Longman, 1982. – 124 p.
- 12 Piaget J. Studies in Reflecting Abstraction. Hove, UK: Psychology Press, 2001. 351 p.
- 13 Соколова М.В. Туризм как культурно-исторический феномен: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора культурологии. – М., 2007. – 39 с.
- 14 Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей: мыслитель выделяет несколько рядов ценностей / Шелер М. Избранные труды. – М.: Издательство «Гнозис», 1994. – 490 с.
- 15 Коровин В.Ю. Нравственные основания русского странничества: автореферат на соискание ученой степени кандидата философских наук. 09.00.14 - Философия религии и религиоведение. Тула, 2009. 23 с.
- 16 Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей мыслитель выделяет несколько рядов ценностей //Избранные труды. –М.: Гнозис, 1994. – С. 259-333.

Transliteration

- 1 Garifullina, R.S., Safin, F.M. Nekotorye problemy formirovaniia turizma kak nauki [Some problems of forming the philosophy of tourism as a science]. Vestnik Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta kultury i iskusstv – Bulletin of the Kazan State University of Culture and Arts. – Vol.7, No.4. – Pp. 9-14.
- 2 Gabitov, T.Kh. Istoriya kazakhskoy kultury: uchebnik [History of Kazakh culture]. – Almaty: Kazakhskiy universitet, 2016. – 344 s.
- 3 Zhanibekov, O.Zh. Karavan vremeni [Caravan of time]. Almaty: Pisatel.
- 4 Goeldner Ch.R., Brent Ritchie. Tourism: principles,practices, philosophies / Charles R. Goeldner. J. R. Brent Ritchie. – John Wiley & Sons, 2012. –544 p.
- 5 King, B., Pease, A. & Milman, A. Social impacts of tourism: the perception of local population // Yearbook of tourism studies. – 1993. Vol. 4, № 20. – Pp. 650-665.
- 6 Marius Mayer & Luisa Vogt. Economic effects of tourism and its influencing factors. An overview focusing on the spending determinants of visitors // *Zeitschrift für Tourismuswissenschaft*. – 2016. – Vol. 8, №2. –P. 169-198. DOI:10.1515/tw-2016-0017
- 7 Bogdanov, E.I. & Nazirov, A.E. Nauka o turizme: sovremennye filosofskie podkhody k ee formirovaniu [The science of tourism: modern philosophical approaches to its formation] // *Teoriya i praktika servisa: ekonomika, social'naya sfera, tekhnologii*. – 2009. – No. 1. – P.97-105. https://tourlib.net/statti_tourism/bogdanov.htm
- 8 Training Strategies for World Heritage Management / Eds. Marie-Theres Albert, Roland Bernecker, Diego Gutierrez Perez, Nalini Thakur, Zhang Nairen. Printed in Germany: Cover design and print: GmbH & Co. KG, Cottbus, 2007. 236 p.
- 9 Birzhakova, M.B. & Nikiforova, V.I. Bolshoi glossarii terminov mezhdunarodnogo turizma [A large glossary of international tourism terms]. –Spb.: Nevskii fond, 2003. – 992 s.
- 10 Moshniaga, E.V. Kontseptnoe prostranstvo mezhkulturnoi kommunikatsii v sisteme mezhdunarodnogo turizma [The conceptual space of intercultural communication in the system of international tourism]. Abstract of the dissertation of a doctor of sciences. – М.: 2011. – 42 s.
- 11 Mathieson A., Wall G. Tourism: Economic, physical, and social impacts. – London, New York: Longman, 1982. – 124 p.
- 12 Piaget J. Studies in Reflecting Abstraction. Hove, UK: Psychology Press, 2001. 351 p.
- 13 Sokolova, M.V. Turizm kak kulturno-istoricheskii fenomen [Tourism as a cultural and historical phenomenon]. Abstract of a dissertation for the degree of Doctor of Cultural Studies. – Moscow. 2007. 39 2011. –42 s.

14 Sheler, M. Formalizm v etike i materialnaia etika tsennostei: myslitel vydelaet neskolko ryadov tsennostei [Formalism in Ethics and Material Ethics of Values: The Thinker Identifies Several Rows of Values]. – Moscow, Gnosis Publishing House, 1994. – 490 s.

15 Korovin, V.Iu. Nravstvennye osnovaniia russkogo strannichestva [Moral foundations of Russian wandering]. Abstract for the degree of candidate of philosophical sciences. 09.00.14 - Philosophy of religion and religious studies. – Tula, 2009. 23 s.

16 Sheler M. Formalizm v etike i materialnaya etika tsennostey myslitel vydelyayet neskolko ryadov tsennostey [Formalism in ethics and the material ethics of values the thinker identifies several sets of values]. Izbrannyye trudy. – M.: Gnozis, 1994. S. 259-333.

Есболова М.А., Омирбекова А.О.

Философские аспекты современного культурного туризма

Аннотация. В статье рассматриваются аспекты философии культурного туризма и направления его развития во взаимосвязи с мировоззренческой системой ценностей современного общества. При этом мы ставили перед собой цель проанализировать особенности философии туризма в современной системе межкультурной коммуникации, проблемные процессы развития, ее сущность, мировоззренческие установки, традиционные национальные системы с современной точки зрения. Философия современного культурного туризма связана с существованием в казахском обществе национального мировоззрения – одного из компонентов системы историко-философских, культурно-философских ценностей. Потому что он отражает богатую историю и своеобразие мировоззрения народа в процессе научного и философского познания и национально-идеологических исканий. На основе обзора научных исследований предпринята попытка объяснить аспекты философии туризма и суть актуальных ключевых проблем с точки зрения законов и принципов диалектики. Таким образом, в статье философские аспекты туризма рассматриваются как одна из ключевых теоретических категорий межкультурной коммуникации. Поскольку в современной межкультурной коммуникации туризм обладает особой ценностью, его философское осмысление и критическая оценка могут представлять определенные трудности. Это связано с тем, что выход за границы привычного образа жизни в туризме – будь то физические, географические, социальные, культурные, религиозные, духовные или другие потребности в путешествиях – рассматривается исключительно в рамках экономических парадигм теории трудовой стоимости и предельной полезности. В связи с этим в статье подчеркивается важность анализа мнений, идей и теорий ученых, занимающихся исследованиями в области туризмологии, для понимания и оценки данных парадигмальных различий.

Ключевые слова: философия туризма, культурные ценности, межкультурная коммуникация, концепция культурного туризма, туристическая индустрия.

Yesbolova M.A., Omirbekova A.O.

Philosophical aspects of modern cultural tourism

Abstract. The article examines aspects of the philosophy of cultural tourism and the directions of its development in relation to the ideological value system of modern society. At the same time, we set ourselves the goal of analyzing the features of the philosophy of tourism in the modern system of intercultural communication, problematic development processes, its essence, ideological attitudes, traditional national systems from a modern point of view. The philosophy of modern cultural tourism is associated with the existence of a national worldview in Kazakh society - one of the components of the system of historical and philosophical,

cultural and philosophical values. Because it reflects the rich history and originality of the worldview of the people in the process of scientific and philosophical knowledge and national and ideological quests. Based on a review of scientific research, an attempt was made to explain aspects of the philosophy of tourism and the essence of current key problems from the point of view of the laws and principles of dialectics. Thus, in the article, the philosophical aspects of tourism are considered as one of the key theoretical categories of intercultural communication. Since tourism holds a special value in modern intercultural communication, its philosophical comprehension and critical assessment may present certain challenges. This is due to the fact that the act of stepping beyond the boundaries of one's habitual lifestyle in tourism – whether in physical, geographical, social, cultural, religious, spiritual, or any other travel-related needs – is primarily interpreted within the economic paradigms of labor value theory and marginal utility theory. Therefore, to account for these paradigmatic differences, the article highlights the importance of analyzing and evaluating the views, ideas, and theories of scholars engaged in research in the field of tourism studies.

Keywords: philosophy of tourism, cultural values, intercultural communication, concept of cultural tourism, tourism industry.

Келін түсті 10.04.2025

Қабылданды 01.06.2025